


# Қазақ университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің газеті

Газет 1948 ж. 20 сәуірінен шыға бастады

№ 1 (1274) қаңтар 1999 жыл




*Н.НАЗАРБАЕВ:*
*- ...Мен ең алдымен халқым үшін қуанамын, елім үшін мерейленемін".*

10 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасы Президентін сайлауда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының 79,78 процентіне ие болған Н.Ә.НАЗАРБАЕВ Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

20 қаңтарда Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқының алдында салтанатты түрде Ант беріп, өз қызметіне кірісті.

ҚР Президентінің қаңтардың 22-сіндегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Жарлығы бойынша Ғылым министрлігі енді *Ғылым және жоғары білім министрлігі* (министрі - В. Школьник), ал Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі *Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі* (министрі - А.Сәрсенбаев) болып белгіленді.

***1999 - Ұрпақтар Үндестігі мен сабақтастығы жылы***



*Бейбіт елдің болашағы*

*Ана тілің - арың...*

# ПРИКАЗ

## О расширении сферы употребления государственного языка в учебных заведениях

***В целях реализации Постановления Правительства Республики Казахстан от 14 августа 1998 года №769 "О расширении сферы употребления государственного языка в государственных органах" и Приказа Министерства образования, культуры и здравоохранения РК №350 от 24 ноября 1998 года на основании решения научно-методического совета от 17 декабря 1998 г.***

**Приказываю:**

1. Руководителям всех структурных подразделений университета до 30 января 1999 года разработать график поэтапного перехода делопроизводства на государственный язык.

2. Проректору по международным связям и УМО Жатканбаеву Е.Б. разработать сводный план поэтапного перехода делопроизводства на государственный язык согласно представленных графиков подразделений.

3. Создать при научно-методическом объединении языковых кафедр общеуниверситетскую терминологическую комиссию для координации проводимой в университете работы по качественному написанию учебно-методической литературы на казахском языке, организации плодотворного сотрудничества с Республиканской терминологической комиссией при Министерстве информации и общественного согласия.

4. Деканам факультетов:

4.1 С целью активизации научно-практической и исследовательской работы преподавателей по совершенствованию обучения на государственном языке, создать на факультетах терминологическую комиссию по специальностям факультета.

4.2 Организовать открытые занятия на казахском языке с целью распространения передового опыта преподавателей.

5. Методотделу совместно с деканом филологического факультета и зав. кафедрами казахского языка гуманитарных и естественных факультетов:

5.1. В программу курса по казахскому языку в заключительном семестре обучения ввести раздел: "Делопроизводство на государственном языке".

5.2. Обновить программы курсов казахского языка с ориентацией на активное использование обучающих компьютерных систем.

6. Проректорам Мурзабекову З.Н., Кондыбаеву К.И. и учебно-методическому управлению:

6.1. Организовать работу по выпуску бланков учебно-методической документации, наглядной информации и вывесок с наименованиями реквизитов на казахском языке.

7. Директору Компьютер-центра Тукееву У.А.:

7.1. При реализации программы "Аль-Фараби-Нова" учитывать возможность оформления учебной документации и выдачи информации на казахском языке.

8. Контроль за исполнением данного приказа возложить на проректора по учебно-методической работе Орунханова М.К.

*Ректор К.Н.Нарибаев.*


*Ақпарат 2-бет* | *Ректорат назарына 3-бет* | *Біздің саңлақтар 4-бет* | *Сессия! Сессия... 5-бет* | *Ана тілің - арың 6-бет* | *Табиғатпен тілдескен... 8-9-беттер* | *Көңіл толқыны 11-бет* | *Внимание! Проблема! 14-бет*

# Он жылдыққа орай

**Шығыстану факультетінің ұйымдастырылғанына үстіміздегі жылы он жыл толады.**

Он жылдың ішінде факультет едәуір кеңейіп, онда оқылатын тілдердің саны артты, кафедралардың қатары өсті. Қазір факультетте араб, парсы, үнді (хинди), урду, қытай, жапон, кәріс және түрік тілдері бойынша шығыстанушы мамандар дайындалады. Олар сыртқы істер министрлігі мен кеден және шекара органдарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде қызмет атқара алады, түрлі кәсіпорындарда аудармашы болады, жоғары немесе орта оқу орындарында сол тілдерден сабақ бере алады, т.с.с.

Қазір факультет қабырғасында оқитын 350 студентке 75 ұстаз сабақ береді. Бұлардың 4-і ғылым докторы, профессор, 8-і ғылым кандидаты, доцент. Факультет оқытушылары мынадай 6 кафедраға топтасқан: араб филологиясы кафедрасы, иран-үнді филологиясы, түрік филологиясы кафедрасы, кәріс филологиясы кафедрасы және Азия-Африка елдері тарихы кафедрасы. Болашақта жаңа тілдер, жаңа кафедралар қосылуы да ғажап емес...

Өзінің он жылдығын факультет басшылығы мен оқытушылар ұжымы тек мәдени шаралармен ғана емес, арнайы ғылыми-теориялық конференциямен атап өтуді ұйғарып отыр. Мамыр айының 17-19 күндерінде өткізілмекші бұл ғылыми жиын "Шығыс қоғамдарындағы өтпелі кезеңдегі мәдени-тарихи процестер" деген тақырыпқа арналып, оған алыс-жақын шет елдерден мамандар шақырылмақшы, яғни халықаралық деңгейде ұйымдастырылмақшы.

Қазір конференцияда жасалатын баяндамалар мен оған қатысатындардың аты-жөндері анықталып, конференцияның нақты жұмыс жоспары белгіленуде.

***Фадли ӘЛИ,***
***түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі.***

## Ақпарат - шуақ

Қаңтардың 17-сінде Студенттер Сарайында есімдері әлемнің көптеген елдеріне танымал поэзия тарландары **Мұхтар Шаханов** пен **Евгений Евтушенконың шығармашылық кеші болды.**

***

Қаңтардың 16-сында Экономика және құқық институты, заң ғылымының кандидаты **Зүфнүн Қадырқызы Абдуллинаның 70 жасқа толуын салтанатпен атап өтті.**

***

Қаңтардың 15-сінде университеттің мәжіліс залында ерекше тұлға, ұлағатты ұстаз, бұрынғы ректор **Асқар Закарияұлы Закариндi** туғанына 90 жыл толуына орай **еске алу кеші ұйымдастырылды.**

***

Түркия елшілігі Шығыстану факультетінің Түрік филологиясы кафедрасына (бөліміне) барлығы 2500 АҚШ долларына жуық тұратын техникалық құралдар сыйға тартты. Мысалы, бейнекөрсеткіші (видеосы) бар оңтүстіккореялық "Дэйво" теледидары, екі кассеталы магнитофон, осыларды қоятын арнайы шкаф, сондай-ақ лазерлі принтері бар су жаңа компьютер, столдар, орындықтар, т.б. Шатырдың үстіне Түркия теледидар жүйесінің 10 каналын ұстайтын ғарыштық антенна да орнатылды. Бұл техникалық құралдардың негізінде түркі тілі мен әдебиеті кабинеті жабдықталмақ.

***

Много веков назад, согласно "Новому завету" родился мальчик. Его рождение возвестили ангелы. С тех пор православная церковь 7 января празднует рождество Христово. И люди православной религии тоже отмечают этот день. Кто-то в семейном кругу, а кто-то у кого-то в гостях.

***

Прошел священный месяц Рамазан, длившийся ровно 30 дней. И сразу же за ним наступил трех дневный праздник айт. В эти дни мусульмане пекут лепешки и ходят в гости без приглашения. В это время нужно простить тех кто вас обидел и пожелать друг другу счастья.

***

Қаңтардың 7-сінде Студенттік элита клубының ұйымдастыруымен түркі дүниесінің тұтастығы жолында өз ғұмырын арнаған **Мұстафа Шоқайдың рухына бағышталған** ғылыми конференция болды. Конференция соңында М.Шоқайдың өмірі мен қоғамдық қызметіне арналған "Зар" атты фильм көрсетілді.

***

Қаңтардың 16-сында магистранттардың №13 жатақханасында **"Бір көргеннен құлай сүю"** атты кешке қатысқан 8 магистранттың үшеуі өз бақыттарын адаспай тауып, мәреге жетті. Аталмыш кешті ұйымдастырған магистранттар кеңесінің төрағасы Серікзат Дүйсенғазин мен жатақхана коменданты Толқын Әбуоваға көрермен өз ризашылығын білдірді.

***

# Болашаққа болжам

***2002 жыл***

Кредиттік карточка көлеміндегі кішкене бейнемагнитофондар, протативтік телефондар, компьютерлер пайда болады.

***2003 жыл***

Гендік терапияны пайдалану нәтижесінде рак ауруына қарсы ем табылады.

***2004 жыл***

Тұрғын үйлер құрлысын салуда олардың төбесіне міндетті түрде күннен жылу алатын коллекторлар орнату жүзеге асырылады.

***2007жыл***

Компьютерлер негізгі тілдерге автоматты түрде аударуды үйренеді. Сондықтан аудармашылар жұмыссыз қалады.

***2008 жыл***

Компьютерлер кітаптар мен құжаттарды өз беттерімен талдауға, бағалауға, рефераттауға қол жеткізеді.

***2009 жыл***

Медицинадағы зор бетбұрыс: жасанды бүлшық еттер мен буындар жасалып, адамның жүйке жүйесі арқылы басқарылады.

***2014 жыл***

Магниттік төсеніш арқылы жүретін поездар өз жылдамдықтарын сағатына 1000 шақырымға жеткізеді.

***2015 жыл***

Оқымыстылар планетамыздың жыл өткен сайын жылынуына әсер ететін көмірқышқылы газын атмосфера қабатынан аластайтын технология ойлап табады.

***2017 жыл***

Медициналық ортаға айрықша жаңалық ретінде "идеяны жасанды жолмен жетілдіретін" дәрі енеді.

*Баспасөзден.*

*Ректорат назарына!*

# Біз кімнен кембіз?

Бесіктегі баланың алақанындай ғана газет бүкіл университетіміздің "көзі, құлағы һәм тілі" бола ала ма?

Жоқ! Бола алмайды! Неге?

Өйткені, бүгінге дейін "Қазақ университеті" газетінің өз мәртебесі, дәрежесі, құрылымы, құрамы, міндеті мен қызметі айқындалып, дұрыс жолға қойылмаған. Бүгінгі мәртебесі адам күлерлік. Қатардағы оқырман ғана емес, кейбір басшылардың өзі де бұл газетті айына бір-ақ рет шығатын ақпараттық бюллетень есебінде көреді, менсінбейді, менсінбек түгілі бар екенін де ескермейді. Ескергендерінің ішінде газетімізді "сарай ақыны" дәрежесінде қабылдап, ...з биліктерін жүргізгісі келетіндер де бар. Бұл - бір.

Екіншіден, газет редакциясының дербестігі жоқ. Қазір ол "Қазақ университеті" баспасының бір бөлімшесі ретінде ғана отыр. Өз есеп шоты болмаған соң қайдан оңаша отау

> **БАҚ туралы заң:**
> ***1-бап. Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары еркін.***

болсын! Заң бойынша редакция өз газетін шығару үшін құрылтайшымен, шығарушымен (баспамен) тең дәрежеде шартқа отырады, бір-біріне жауапкершілікті заң жолымен жүктейді. Мұны білмейтіндер газет редакциясы құрылымына да мән бермеген. Баспаның директоры бар,бас редактор неге керек деп ойлаған да, жауапты хатшылықты да,

> ***4-бап. Редакция өндірістік-шаруашылық қызметті экономикалық дербестік пен шаруашылық есеп жағдайында жүзеге асыруға, коммерциялық қызметпен айналысуға құқылы.***

тілшілікті де, корректорлықты да бір адамға жүктей салған. Осыдан кейін жөні түзу газет шыға ма? Кез-келген ...ылдық, аудандық, қалалық, республикалық газеттің құрылымына қараңызшы, міндетті түрде бас редактор, міндетті түрде жауапты хатшы, міндетті түрде тілші, міндетті түрде корректор ұстайды. бұлардың әрқайсысының өз міндеті, атқаратын қызметі бар. Мысалы, бас редактор газетке құрылтайшымен тең дәрежеде жауапты.

Өзінің заңды түрде мәртебесі анықталмағаннан кейін, оны жұртқа түсіндірмегеннен соң газетті кім елесін. Статусы жоқ газеттің беделі де жоқ. Ақпарат алуға барған студент

> *15-бап. Редактор (Бас редактор) бұқаралық ақпарат құралы редакциялық алқасымен редакцияның жұмысын басқарады, құрылтайшымен, шығарушымен, авторлармен мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, азаматтардың өзге де бірлестіктерімен және азаматтармен қатынастарында, сондай-ақ сотта оның өкілі болады.*

тілшімізді менсінбей қарсы алып, керенау шығарып салып, тіпті ақпарат бермей қайтарып жіберген басшыларды да білеміз. Соның бәрі газеттің өз дәрежесінің, өз беделінің болмауынан.

Бесіктегі баланың алақанындай ғана газет бүкіл университетіміздің "көзі, құлағы, һәм тілі" бола ала ма?

> ***16-бап. Жарғы** редакция ұжымының **өкілеттілігін белгілейді**, құрылтайшының, **редактордың және** редакцияның **қатынастарын реттейді**... Жарғыға **бұқаралық хабарлама** құралының **қызметінен алынатын** табыстың редакция **ұқарамағына түсетін** бөлігін бөлу, **пайдалану тәртібі**, басқа да ережелері **енгізіледі**.*

Әрине! Бола алады! Қалай?

Ең әуелі қазіргі заман ағымы уақыт талабына сай газеттің өз Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу;

Екіншіден, құрылтайшы редакция және шығарушы (баспа) арасындағы өндірістік, мүліктік және қаржы

> ***17-бап. Бұқара**лық ақпарат құралы **құрылтайшысының**, редакциясының **және шығарушы**сының өндірістік, **мүліктік және қаржы** қатынастары **қолданылып жүрген** заңдар мен олардың **арасындағы шарт** негізінде құралады.*

қатынастары туралы шарт жасау;

Үшіншіден, газет редакциясының құрылымы жалпыға ортақ қалыптасқан ережеге сай: бас редактор; орынбасар-жауапты хатшы, теруші, беттеуші, тілшілер, корректорлар болып тұрақты бекітілуі; газеттің өз фототілшісі болуы;

Төртіншіден, газет редакциясы "Қазақ университеті" баспасының құрамынан шығарылып, дербес ақпараттық мекеме ретінде қайта құрылуы және соңғы компьютерлік техникамен қайта жабдықталуы, сондай-ақ, газет көлемінің үлғайтылуы (А-3); біз секілді А-4 форматымен шығып жатқан газет жоқ-ау, сірә!

> ***19-бап. Мерзімді баспасөз басылымдарының тегін бақылау даналарын шығарушы басылып шыға салысымен дереу кітап палатасына, тіркеу туралы куәлік берген органға, құрылтайшыға жібереді.***

Бесіншіден, әр факультеттің, басқа да мекемелердің, бөлімдердің, кафедралардың газетке міндетті түрде бір жылға толық жазуылуын, апта

> *22-бап. Бұқаралық ақпарат құралы өнімінің заңды негізде таратылуына бөгет жасауға, оның ішінде тиражды немесе оның бөлігін алып тастауға, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде болмаса, жол берілмейді.*

сайын ақпарат беруін жолға қою;

Алтыншыдан, газеттің таралу, сатылу механизмін қарастыру;

Жетіншіден, газетке жарнама,

> *23-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары хабарламаны мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден, саяси партиялардан және лауазымды адамдардан, олардың компетенциясы шегінде алуға құқы бар.*

хабарлама, құттықтау берудің кез-келген үлгісінің ақылы болуын жолға қою керек.

> ***39-бап. Мемлекеттік және қоғамдық органдардың лауазымды адамдары тарапынан журналистердің заңды кәсіптік қызметіне тосқауыл қойылуы, журналистерді хабарлама таратуға не таратудан бас тартуға мәжбүр етуі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.***

Біз алдымен осы жеті мәселені құрылтайшымыз - ректорат, журналистика факультеті, шығарушымыз - "Қазақ университеті" баспасы бірлесе отырып, жетесіне жеткізе шешсек, құдайға шүкір, газетіміз өзге газеттермен иық тірестірер.

Біз кімнен кембіз?

***Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,***
***газеттің бас редакторы.***

1999 - Ұрпақтар Үндестігі мен сабақтастығы жылы

# Біздің саңлақтар

## 1998 жылғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары

### *Академик Зейнолла Қабдолов*



**Филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор**

"...КазМУ...
Бұл -
мен үшін
атамның
атынан
кейінгі
ыстық атау.
Осы сөз
не көзіме
түссе,
не құлағыма
тисе
болғаны,
жүрегім елжіреп,
көкірегім күйге
толып қоя
береді".

### *Ғалым Шерияздан Елеукенов*

- Кітап шығару ісі мамандарын даярлауды кешіктірмей қолға алу керек. Мұндай оқу орындары Батыста да, Шығыста да баяғыдан бар, бізде жоқ. Тіпті кафедра да жоқ. Құдайға шүкір, ғылыми-әдістемелік негіз бар - кітаптануға қатысты бүгінге дейін 20 кітап шықты. Кітап шығару тарихын, кітаптану ісін жолға қойсақ, бұл сала бойынша кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалса, оқытушы-педагогтарды бүгіннен бастап даярлай бастасақ...



**Журналистика факультеті баспа ісі және әдеби өңдеу кафедрасының профессоры,**

## 1998 жылғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік "Дарын" - Жастар сыйлығының лауреаты

### *Ақын Бауыржан Жақып*

*Жүрегім!*
Сен өлең жазуға жаратылғансың.
Тамыр жыр болып тартылып,
таратылғансың.
Гүлдің нәзіктігін,
Даланың жазықтығын.
Алатаудың мұз-қар басын,
Алматының күзгі алмасын.
Бұлақтың тұнықтығын,
Жазғы түннің тынықтығын.
Көлдің иірімдерін,
Күннің мейірімді өңін,
Айдың күміс нұрын,
Жұлдызға бай Шығыс түнін,
Уақыттың мезеттерін түс жорым,
Шаңырақтағы шаңытқан Құс
жолын.
Көркейткен мұнша маңды,
Көгілдір шыршаларды,



**Журналистика факультеті мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі, доцент**

Сәйгүліктерін сайын даланың,
Ақ шілтер қайыңдар әнін.
Бұта-бөбектер күйін,
Көк көйлек теректер биін,
Қарағайлардың еңселі өлеңін,
Жасыл қырлардың сенсең әлемін,
мәртебелерін,
Мәрт шыңдардың
Еліктердің еркелегенін,
Жартасты арқарлардың
тақ көтергенін,
Ақ сағымдармен жарысқан
ақбөкендерін...
Жырлағансың...
Бәрінен, бәрінен
Тамыр-жыр болып тартылып,
таратылғансың,
Сен өлең жазуға жаратылғансың,
*Жүрегім!*

## *"Қазақ университеті" газетінің 1998 жылғы лауреаттары:*

Редакция алқасының үйғарымымен 1998 жылы газет ісіне белсене араласып, тартымды материалдарымен оқырман көңілінен шыққан

*Құттықтаймыз!*

| | |
|---|---|
| Ләйлә Жұмақанова | 4 курс |
| Бейбіт Мекеев | 3 курс |
| Мұхтар Сеңгірбай | 3 курс |
| Қанағат Әбілқайырұлы | 3 курс |
| Нұрғалым Омаш | 3 курс |
| Назым Есқуатова | 3 курс |

*Поздравляем!*

"Қазақ университеті" газетінің лауреаттары атанды.

*Сессия! Сессия...*

# Будущее за тестированием



Использование тестирования в качестве эффективного инструмента контроля полученных студентами знаний, введенное в КазГУ им. аль-Фараби несколько лет назад, подтверждает каждодневно по практике свою высокую эффективность. Начальник учебного отдела, руководитель группы тестирования Г.С.Минажева рассказывает о последних результатах, полученных в КазГУ в ходе внедрения нового итогового контроля.

**- Гульшат Салаватовна, сильно ли изменилось мнение студентов и преподавателей о тестировании после его функционирования в нашем вузе уже несколько лет?**

- Конечно, для полного перелома в сознании людей пршедший период является очень коротким. Поэтому я не могу пока сказать, что тестирование всеми воспринимается положительно. Тем не менее, если года два тому назад было много противников тестирования, сейчас их число намного уменьшилось. Многие преподаватели на практике убедились, что тестовая форма итогового контроля не такая уж плохая.

**- Главное, по вашему мнению, что выявило введение тестирования?**

- Именно то, что тестовая форма является одной из самых эффективных форм итогового контроля. Она помогает оптимизации и совершенствованию учебного процесса. Когда экзамен, например, сдает весь поток, где имеется большое количество студентов, только с помощью тестирования можно экономить время преподавателей и с наименьшими их трудозатратами провести экзамен.

**- Насколько широко тестирование применяется в зарубежных вузах?**

- Вообще, тестирование широко применяется за рубежом, в частности в США. Именно по тестированию до сегодняшнего дня обмена опытом с зарубежными коллегами у нас еще не было, может быть в будущем нам удастся.

**- А мы сами можем поделиться с вузами Казахстана своими наработками?**

- Надо отметить, что наш университет накопил немалый опыт не только по тестированию, но и по рейтинговой системе, есть разработки по многоступенчатому обучению. И все эти новшества введены впервые в РК именно у нас. Из многих университетов и институтов приезжают к нам преподаватели, которые обращаются к нам вопросами, советуются - мы всегда рады поделиться опытом.

**- Действительность показала, что более оптимальной моделью в применении является использование теста и собеседования, не так ли?**

- Как я уже говорила, по тестированию у нас накоплен немалый опыт. Технология тестирования постоянно совершенствуется. Как и любая другая форма итогового контроля, тестирование тоже имеет некторые недостатки, в том числе - отсутствие общения, беседы преподавателя со студентами. В связи с этим мы ввели комбинированную форму итогового контроля - с целью обязательного "живого" общения преподавателей и студентов. Если сравнить оценки, то можно сказать, что как по тестированию, так и по собеседованию они в большинстве случаев совпадают. И это является подтверждением того факта, что тестирование дает объективную оценку.

**- Качество тестов высокое?**

- Они обязательно проходят экспертизу на кафедрах и у нас создан стандартизированный банк тестовых заданий. После зимней сессии мы будем анализировать результаты тестовых экзаменов. Кроме того, мы будем сравнивать результаты текущей аттестации и экзаменов.

**- Гульшат Салаватовна, большое спасибо за беседу!**

*Маншук МУКАШЕВА.*

# Сессия: о слове и о понятии

Сессия...

Все-таки, что такое сессия? Заглянем сначала в словарь рксского языка С.И.Ожегова: "период сдачи экзаменов в ВУЗах, техникумах, специальных училищах"; потом можно посмотреть в Большую Советскую энциклопедию, где понятие этому слову должно быть более углубленное:

"- Сессия экзаменационная - период экзаменов в высших и средних специальных учебных заведениях. Проводится в конце семестра. Обычно длится 3-4 недели в зависимости от количества экзаменов, вынесенных на сессию. Экзамены, как правило, сдаются за полный курс каждого предмета. Сроки проведения экзаменов определяются расписанием".

Если же спросить у студента 4 курса, познавшего все ступени сессии, то получаешь такой ответ:

- Сессия - опять головная боль. Вот на 1 курсе было легко. Все (преподаватели) смотрят на тебя снисходительно и ставят хорошие оценки, принимая от тебя заверения, что, в дальнейшем, ты будешь хорошо учиться. А сейчас? То не так, это ты не сдал, не так написал...

Но если ты студент, то сессии не избежать. И приходится каждый год в конце осеннего семестра под новый год подводить итоги своей учебы.

*Анна КОСТЮК.*



*Күлдіргі-күйдіргі*

## "Берлин" деген немене?

*Студент досына анекдот айтып келеді:*

*" Тарихшы профессор студенттен:*

*- Берлинді кім алды!? - деп сұрапты.*

*Студент:*

*- Мен алған жоқпын, ағай, - дейді мүләйімсіп. Профессор ашуланып студенттің әке-шешесіне барады:*

*- Мына балаларыңды мектепте қалай оқытқансыңдар? "Берлинді кім алды" десем, "мен алған жоқпын" деп қарап тұр, - дейді. Сонда әкесі баласына:*

*- Оның не, ақымақ, алсаң, бер кәне, - деп айқай салыпты.*

*Профессор діңкесі қатып көшеге шықса, әлгі үйдің көршісі кездеседі.*

*- Бұл не айғай-шу, профессор мырза? - деп сұрайды. Профессор естігендерін сол қалпында мұңдана айтып береді. Сонда әлгі көрші:*

*- Ой, профессор мырза, әуре болмаңыз, бұлар тұқымымен сондай, алған заттарын өмірінде қайтармайды, - деп жұбатыпты..."*

*Осы анекдотты естіп келе жатқан студент күлерін де, күлмесін де білмей, аңырып, досына қарап тұрып:*

*- "Берлин" деген немене? Соншалықты қымбат тұра ма? - депті.*

*Ана тілің - арың*

# Енді қандай шешім керек?

*Алыстан Алаш десе аттанамын,*
*Қазақты - қазақ десе, мақтанамын.*
*Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ,*
*Мен неге қазақтықтан сақтанамын.*
***Міржақып Дулатов.***

Ректордың 1992 жылғы 16 маусымдағы "Барлық факультеттер және ректорат аппараты 1993-1995 жылдың соңына дейін іс-жұмысын түгелдей қазақшаға көшіру туралы" бұйрығы қай уақытқа дейін өз іс қағаздарын, жұмыс бабын қазақшалауы туралы күнтізбе бекітілген болатын. Сондай-ақ, әрбір факультет, кафедралардағы істер қазақша болуына ректордың хаты да жолданған. Бұдан кейін 2000 жылға дейінгім бағдарлама да бекітіліп таратылған. Енді, міне, жақында Мемлекеттік тілді қолдану туралы бұйрық таратылды.

Еліміз тәуелсіз ел болып көк байрағын желбіретіп, өзінің ұлттық саясатын өзі билейтін бақытты күндерге жеткенде ұлттық тіліміздің атқаратын міндеті, оның ешбір қаржы жұмсамай-ақ әкелетін қуанышты рухани қазынасына шек жоқтығын тереңдете сезінген әрбір қазақ азаматы өзі бастап отырған ұжымдарда әуелі қазақ тілінде іс жүргізу арқылы өздерінің елдік мақсатын орындауды бастаған еді. Біздің ректорымыз да осы бір үлкен ұлағатты келешегі зор істің бастамасы етіп жоғарыдағы құжаттарға уақыт, қаржы аямай қолдарыңызға табыс еткен болатын.

Рас, мемлекеттік тіл деп қазақ тілімізді бекітіп алсақ та ол мемлекеттік іс жүргізіп отырған жоқ. ***Әйтсе де анамыздың қолтығынан демегендей сүрініп түрегелейін деп тұрған Ана тілімізді өзіміз тұрғызбасақ кімге қараймыз?***

***Неге өз елімізде өз тілімізде сөйлеуден қорқамыз? Отан. Жер. Тіл. Дін. Заң өзіміздікі емес пе? "Басқа ұлт ұқпайдымен" жүріп, өзіміздің жөргектегі әлдиді тағы басқа әлдиге, тағы басқа тілге қиғанымыз ба?***

Тіл туралы мемлекеттік заң бар, ректордың бұйрығы бар, хаты бар, қазақшаға көшу бағдарламасы, күнтізбесі бар, енді нендей шешім керек? Әлде бұрынғыдай бір партияның шешімін күткендей жоғарыға қараймыз, ойласақ әрбір қазақ өзі үшін, өз елі, өз ұрпағы үшін, өзі қозғалу керек қой. Бұл орайда оқу жүйесінде қазақ тіліне деген іңкәрлік болмаса болашақ әртүрлі маман иесі олар кім болып шығады? Тіл тағдыры күнде "ертеңді" көтермейді ғой.

***Мария САНИЯҚЫЗЫ.***

*Сүйінші хабар*

## Қазақ тіліндегі тұңғыш диссертация

География факультетінң К14А01.04 диссертациялқ кеңес мәжілісінде 11.00.11 - "Айналадағы ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімды пайдалану" мамандығы бойынша география ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін тұңғыш рет қазақ тілінде диссертация қорғалды.

"Қазақтардың табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлерінің топонимикалық аспектілері" деген тақырыптағы бұл диссертацияның авторы - Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің елтану кафедрасының аға оқытушысы Каймулдинова Күләш Дүйсенбайқызы, жетекшісі - география ғылымдарының докторы, ҚР ҒМ-ҒА мүше-корреспонденті, Халықаралық Жоғарғы мектеп Академиясының академигі, профессор Ә.С.Бейсенова.

Жұмыс қазақ тілінде жазылып, қазақ тілінде қорғалғанымен, кеңес мүшелерінің жартысы орыс тіліндегі мүшелер болғандықтан орыс тіліндегі сұрақтарға орысша жауап қайтарылды. Тіпті пікірталас та, оған қайтарылған ізденушінің жауаптары да екі тілде болды.

***Е.ЖАМАЛБЕКОВ,***
***ауылшаруашылығы ғылымының докторы, профессор, кеңес төрағасының орынбасары.***

*Здоровый образ жизни*

## На кафедре физвоспитания

В целях реализации Государственной программы развития массового спорта в Республике Казахстан на 1996-2000 годы (приказ Министерства образования, культуры и здравоохранения РК), а также руководствуясь Стратегией развития Университета (принятой Ученым Советом КазГУ) спортивным клубом и кафедрой физического воспитания проводится большая работа по организации спортивно-массовой работы среди студенческой молодежи и профессорско-преподавательского состава университета. В течение учебного года студенты 1-2 курсов нашего вуза 2 раза в неделю не только занимаются на уроках физвоспитанию, но также принимают активное участие во всех спортивно-массовых и оздоровительных мероприятиях, проводимых, согласно календарного плана, спортивным клубом и кафедрой физического воспитания: межфакультетская спартакиада по 8 видам спорта (минифутбол, баскетбол-муж., волейбол-муж., жен., шахматы, легкая атлетика, бадминтон); спартакиада среди студенческих общежитий по 6 видам спорта (мини-футбол, шахматы, настольный теннис, гиревой спорт, бадминтон, эстафеты); спортивные праздники: "Зимы", "Наурыз", "День первокурсника"; массовый легкоатлетический кросс; первенства КазГУ по различным видам спорта: тяжелой атлетике, боксу, шахматам и др.

Ежегодно сотрудники и профессорско-преподавательский состав факультетов активно участвуют в Спартакиаде "Здоровье". Где они получают большой прилив бодрости и долголетия.

Налажена и агитационная работа, которая выражается в регулярном оформлении стенда: "Здоровый образ жизни", где постоянно обновляются рубрики: комплекс утренней гигиенической гимнастики, влияние различных упражнений на организм человека и др.

***Н.П.ТАГАНОВА, А.В.ТАРАНОВА,***
***старшие преподаватели кафедры физвоспитания.***

*Жаңа кітап*

## Зерек ой, зерделі зерттеу



**Тұрысбек Р.С.** ***Жүсіпбек Аймауытұлы және 20 жылдардағы қазақ прозасы. Монография. -Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 340 бет.***

Зерттеу еңбекте қазақтың көрнекті қаламгері Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылық ғұмырнамасы, прозалық мұра-мирастары кең көлемде қарастырылады. Автор Ж.Аймауытұлының шағын жанрдағы туындыларынан ("Әнші", "Елес", "Жол үстінде", "Абайдан соңғы ақында[", "Мағжанның ақындығы туралы", "Әсемпаздық", "Бір шешеннің сөзі", т.т.) бастап, "Күнікейдің жазығы, "Қартқожа", "Ақбілек" сынды көлемді повесть, романдарын 20-жылдардағы қазақ прозасымен өзара байланыста сөз етеді. Сол арқылы Ж.Аймауытұлының қаламгерлік қабілет-қасиеттерін, дарын-талантын, өмірлік бағыт-бағдары мен көркемдік-эстетикалық көзқарастарын жан-жақты қарастырады.

Зерттеу еңбек жоғары оқу орындарына, мектеп мұғалімдері мен аспирант-ізденушілерге, қалың көпшілік қауымға арналған.

***Шоқан ШОРТАНБАЙ,***
***әдебиетші.***

# Предупреждение и разрешение конфликтов

**Такая замечательная формула стала названием обучающего семинара, который проводился в конце 1998 года профессиональным союзом работников КазГУ им. Аль-Фараби при поддержке ректора, профессора Нарибаева К.Н. Это своеобразный тренинг для тех, кто хотел бы научиться... правильно подходить к конфликту.**

В работе семинара приняли участие 30 человек - председатели профбюро и члены профсоюза различных структурных подразделений КазГУ, КазГМУ, АГП, "ЦСМС", АО АЗТМ. Ведущими семинара были Президент Конфликтологического центра Садовская Е.Ю., координаторы Конфликтологического центра Маркина Т. и Вовк Ю., председатель профкома КазГУ Ахметова Л.С.

Главной целью семинара было обсуждение различных конфликтных ситуаций и методов разрешения конфликтов. На семинаре разбирались стили управления конфликтов, причины их возникновения, были предложены правила поведения в конфликтных ситуациях и матрица методов для предупреждения конфликтов.

Семинар проводился в очень интересной, занимательной форме с ипользованием различных проблемных ситуаций, ролевых игр для тренинга полученных знаний и применения инструмента анализа конфликтов (стадии конфликтов, составление карты, прямая времени, треугольник Криса Митчелла и др.) на практике. Работа проводилась в постоянно меняющихся малых группах. Тем самым был достигнут тесный контакт и возможность общения со всеми участниками семинара.

Несмотря на обилие различной информации и сжатые сроки, участники семинара также, как и его организаторы, выразили общее мнение о полезности проведения подобных тренингов, о необходимости в наше сдожное время знания и умения грамотно, успешно решать разного рода проблемы. Необходимость популяризации идеи урегулирования конфликтов преследует благородную миротворческую цель и способствует осуществлению любой человеческой деятельности в справедливой открытой форме.

***Г.Б.МАДИЕВА,***
***Т.В.КУРМАНОВА.***

***Мерейтой***

*Құттықтаймыз!* *Поздравляем!*

**50 жыл лет**

03.01.49.
**Винокуров Г.В.,**
зав. кафедрой кафедры безопасности жизнедеятельности

**60 жыл лет**

17.01.39.
**Гайнуллина Н.И.,**
зав.кафедрой кафедры русской филологии

22.01.39.
**Сағындықов Б.,**
қазақ филологиясы кафедрасының профессоры

***Юбилей***

## Кафедрадағы кәсіподақ ұйымы

**Біздің қазақ тілі кафедрасында 34 кәсіподақ ұйымының мүшесі бар. Олардың туған күндері, мерейтойлар әр кез аталып өтеді. Оларды кәсіподақ ұйымының басшылары құттықтап, сыйлықтар ұсынады. Ән-күй шарықтап, кафедра ақындары оларға көңілді әзілмен жыр арнайды.**

Әрине, өмір күнде тек қуаныш, тойдан тұрмайтыны белгілі. Ондайда жан-жақты көмек көрсетуді кафедра кәсіподақ ұйымы кейінге қалдырған емес. Қайырымдылық қорына ақшалай-заттай жәрдемдесуде біздің кафедра университет бойынша алдыңғы орындарда.

Кафедра кәсіподақ ұйымы бұрын осында еңбек еткен қарт оқытушыларды, қазіргі зейнеткерлерді жиі-жиі қонаққа шақырып, оларға құрмет көрсетеді. Жас оқытушылармен кездесулер өткізіліп, аға буын өкілдерінің іс-тәжірибелерін бөліседі. Кафедра кәсіподақ ұйымы 1999 жылды да жақсы қарсы алды. Жаңа жылда біздің кафедра оқытушылары ҚазМУ-дің студенттер қалашығында өткен факультеттің бал-маскарад кешінде ерекше белсенділік көрсетті. Әзіл-күлкі шарықтап, ән-күй асқақтап кешті өте көңілді өткізді.

***Айсулу ИСАНОВА.***

***Керек дерек***

На начало 1999 г. в Казахстане насчитывается 2124 средства массовой информации, из них газет и журналов - 1728, в том числе государственных - 750, негосударственных - 978, электронных СМИ - 398, в том числе государственных - 71, негосударственных - 325, 35 информационных агентств, из которых только 1 - государственное. 50% информации принимается или передается на казахском языке 24 агентствами.

# Профсоюзы - необходимы людям!

**Ветеранская организация в университете - одна из самых больших вузовских организаций в нашей Республике. Она насчитывает более 500 членов. Все ветераны являются членами профсоюза. Большинство из них имеют стаж пребывания в профсоюзах 50 лет, а некоторые - 60 и более.**

Среди них многие были руководителями профсоюзных организаций кафедр, факультетов, членами суденческого профкома университета. И, сейчас, являясь пенсионерами, для них профсоюзная организация - единственная общественная организация через которую они общаются, принимают участие в жизни университета, пытаются решить свои проблемы. А проблемы в основном касаются материальной помощи. В этом плане и работает профсоюзная организация Общества ветеранов войны и труда и ее Совет.

Ветераны принимают участие по силе возможности в мероприятиях, организуемых профкомом КазГУ: ряд пенсионеров из своих личных библиотек передали большое количество книг в библиотеку КазГУ, подшефную школу, в детский дом, дом престарелых, спортивно-оздоровительный лагерь КазГУ на о. Иссык-Куль и пионерский лагерь КазГУ.

Ежегодно организуется сбор вещей в помощь нуждающимися (детские дома и дома престарелых). Остро нуждающимся, тяжело больным оказывется материальная помощь из средств Общества, выделенных ректоратом ко Дню пожилых людей.

Отдельные члены Общества Н.А.Широкая, Т.П.Струц, В.Е.Быкова, Е.В.Жильцова, М.Х.Кусаинов, Т.К.Мироненко, Э.И.Голованова постоянно курируют ветеранов-инвалидов, помогают им поддерживать связь с Обществом, так как по состоянию здоровья они не могут бывать в университете.

В одно время усиленно шел разговор о том, что профсоюзы не нужны. Авторы этой статьи придерживаются иного мнения: Профсоюзы были, есть и должны быть! Они нужны людям. И мы еще раз хотим поблагодарить профсоюзную организацию КазГУ за большую помощь и поддержку нас, ветеранов.

***Т.К.МИРОНЕНКО,***
***Т.П.СТРУЦ,***
***члены Совета ветеранов КазГУ.***

# Табиғат-анамен

*Биология факультетінің тарихы 1934 жылы университетіміздің ашылуымен басталады. Ашылған жылы факультетте жиырма екі студент білім алды. Өсімдіктану және жануартану деген екі кафедра болды. 1938 жылы өсімдіктер физиологиясы және адам мен жануарлар физиологиясы кафедрасы, 1948 жылы топырақтану, дарвинизм және генетика кафедралары ашылды. Кейінгі жылдары гидробиология және ихтиология, гистология және цитология, микробиология, биофизика, табиғатты қорғау кафедралары ашылды.*

*Факультеттің алғашқы деканы биология ғылымдарының докторы, профессор Павел Иванович Мищенко, кейін профессор Александр Николаевич Бартенев болды.*

*Факультетте қазақ бөлімі 1961 жылы ашылды.*



*- Наштай Мұхитдинұлы, өзіңіз басқарып отырған факультетіңіздің білім беру жүйесі қай деңгейде деп ойлайсыз?*

- Биология факультеті алғашқы кезден-ақ оқытушылардың білім беру деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленіп, көзге түсті. Қазірде бізде 80-ге жуық ғылым докторы, ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Биология мамандығы бойынша барлық саладан білікті мамандар бар. Мен ойлаймын әрбір оқытушы өз саласы бойынша студенттерге барынша білім беруде деп. Кейбір студенттер бар мектеп қабырғасынан дайындықтары нашар. Оларға қаншалықты қатты талап қойып оқытқаныңмен жетелеуге жүрмейді. Оқу жоспарындағы пәндерді "бойына сіңіре алмайды". Бұл әрине студенттің енжарлығы. Және коммерциялық жолмен ақша төлеп оқитындардың білім деңгейлері төмен. Бұл студенттер ойлайтын болса керек, біз ақша төлеп оқып жатырмыз, бізді бәрібір оқудан шығармайды деп. Осындай олқылықтар бізді артқа тартады.

*- Наштай Мұхитдинұлы, біз сіздердің студенттеріңізге біраз сауалнама таратқан едік. Сондағы "оқытушыларыңыздың білім деңгейі, дәріс беру әдісі көңіліңізден шыға ма" деген сұраққа бірнеше студент:* ***"қазақ бөліміне дәріс беретін кейбір оқытушылар өз ана тілін білмейді, көп уақытымыз оқытушыларымыздың лекциясын қазақша аударумен кетеді "*** *дейді, сіз бұған не жауап айтар едіңіз?*

- Оқулықтардың барлығы біздерде орысша болып келді. Соңғы уақыттарда қазақша оқулықтар шығарып жатырмыз. Мысалы, 1-2 курстарға арналған жалпы ботаника пәні бойынша екі-үш адам бірігіп қазақша оқулық жазып, шығардық. Зоология пәні бойынша Күләш Дауытбаева деген оқытушымыз қазақша оқулық шығарды. Мүлдем қазақша оқулықтары жоқ пәндер де бар. Ал қазақ бөлімі болған соң өз саламыздың пәндерін лекторлар қазақша өтуі тиіс. Бізге де дәрістерін орысша-қазақша араластырып оқиды екен деген хабарлар түсті. Біз әдістемелік бюродан арнайы комиссия құрдық. Қазір олар тексеріп жүр. Қорытындысын ғылыми кеңесте қараймыз. Сонда шешім қабылдаймыз.

*- "Қосымша қандай пәндер оқығыңыз келеді" дегенде көп студенттер шет тілі пәні мен информатика пәні бакалаврда төрт жыл бойы жүрсе екен дейді...*

- Оны әдістемелік бюродан, ғылыми кеңестен, одан үлкен Кеңесте талқылап, оқу жоспарына өзгерістер енгізіп өзгертуге болады. Егер жалпы студенттердің ойы солай болса, бұл мәселені шешуімізге болады.

*Алпыс төрт жылдың ішінде биология факультеті бес мыңнан астам маман дайындап шығарды. Бұл мамандардың ішінде Қазақстан жерінде ғана емес, ТМД елдерінде, алыс шет елдерде, соның ішінде АҚШ-та, Франция, Израиль, Греция, Англия, Данияда қызмет істейтіндер бар. Академик М.А.Айтқожиндай, 80-жылдардағы Лениндік сыйлық лауреаттары И.О.Байтулин, Е.В.Гвоздев секілді түлектері бар.*

*Қазіргі уақытта биология факультетінде тоғыз кафедра бар. Олар: Өсімдіктану; Жануартану; Микробиология; Цитология және гистология; Өсімдіктер физиологиясы және биохимия; Генетика және молекулярлық биология; Адам және жануарлар физиологиясы; Биофизика және оқыту методикасы; Экология және топырақтану. Негізінде биология, биотехнология, геоботаника, экология, медико-биология ісі салалары бойынша мамандар дайындайды.*

*- Жаман ұстаз, ол қандай ұстаз?*

- Өз жұмысына салақ, өз мамандығын білмейтін, студенттер арасында өзін қалай ұстау керектігін білмейтін ұстаз, менің ойымша жаман ұстаз.

*- Осы уақытқа дейінгі сіздің көзіңіз жеткен шындық?*

- Ерінбей еңбек етсең, ойлаған мақсатыңа жетесің.

*- Студентке айтар өсиетіңіз?*

- Студенттің негізгі жұмысы оқу. Өз жұмысына адал қарап, күнделікті тыңдаған лекциясын кешке үйіне барған соң мен не жаздым деп мұқият зер салып оқыса, еңбектенсе...

***Әңгімелескен Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ.***



# тілдескен факультет

## Так держать, биофак!

*Учебный корпус биологического факультета находится недалеко от главного. Часто обывателя поражает картина: студенты с сачками в руках, гоняющиеся за бабочками или "дым, гарь из окна лаборатории". Все это, конечно, шутка. На самом деле работа факультета очень важна, ведь "Бог создал природу, а затем человека" и все, что нас окружает помогают беречь они, биологи.*

*Времена идут, меняются деканы, студенты, а проблемы остаются. Именно с этим вопросом мы обратились к зам. декану факультета* ***Адилю Ережеповичу Ережепову****. Вот что он нам рассказал.*

- Проблем, безусловно много. Но основными на сегодняшний день являются три. Во-первых, это нехватка учебников. Литература устарела не морально, а физически. Мы, конечно, стараемся приобретать новые книги, в год примерно уходит около 2 тысячи долларов, но все-равно этого очень мало.

Вторая проблема - это слабая подготовка выпускников школ, образование у абитуриентов на низком уровне. Естественно, приходится создавать маленькие группы, проводить консультации. Но тут все снова упирается в деньги - нет средств. Да и преподавателям не интересно работать с начинающими, ведь это все-таки ВУЗ.

Приходится с первого курса отчислять большое количество студентов, тогда уже к IY-му курсу, после такого жесткого отбора, остаются действительно те, кто тяготеет к знаниям.

И третьей - последней и самой трудной проблемой является нехватка денег. Со стороны государства нет материальной поддержки. Все приходится пробивать самим: приборы, реактивы. Многие приборы не работают, для ремонта нужны деньги.

Вопрос: - А деньги договорников?

Ответ: - Верно, но давайте посмотрим вместе. На факультете около 70 студентов, обучающихся на коммерческой основе. Большая часть из этой суммы уходит преподавателям, часть на приобретении учебной литературы какая-то доля уходит на выпуск газеты "Вестник КазГУ", серия биология, очень много денег уходит на проведение практики. Например, в этом году у нас ушло около 800 тысяч тенге. А это немалые деньги. Помимо этого нужны средства на ремонт здания, который мы сейчас не в состоянии даже начать.

Все, как всегда, упирается в деньги. Но среди "океана" этих проблем радует одно, что "корабль" биофака смело идет вперед навстречу новым открытиям, да и "команда" что надо! Так держать, биофак!

***Ляйля ДЖУМАКАНОВА.***

## "Қазақ университеті" газетінің сауалнамасы

**1. Факультетіңіздің оқу жүйесіне көңіліңіз тола ма? Көңіліңіз толмаса неліктен?**

**2. Қандай пәндердің қажеті жоқ деп ойлайсыз?**

**3. Қосымша қандай пәндерді оқығыңыз келеді?**

**4. Оқытушыларыңыздың білім деңгейі, дәріс беру әдісі көңіліңізден шыға ма? Шықпаса неліктен?**

**5. Қай оқытушы қандай қасиетімен көбірек ұнайды?**

**6. Ұстаз болуға лайық емес оқытушылар бар ма, олар кімдер және неліктен?**

**7. Осы факультетті таңдағаныңызға өкінбейсіз бе?**

**8. Факультетіңізде сізді қызықтыратын мәдени шаралар өтіп тұра ма?**

**9. Факультетіңізден шығармашылығы бар, талантты студенттерден кімдерді атар едіңіз?**

**10. "Қазақ университеті" газетін алып тұрасыз ба? Оның бетінен не оқығыңыз келеді?**



*"Қазақ" университеті" газетінің ұжымы университет өмірінің шын мәніндегі жаршысы болып, оқылымын арттыру мақсатында, арнайы бетіміз биология факультетіне арналып отырғандықтан, осы факультеттің қазақ бөлімінің 2-3-4 курс студенттеріне сауалнама жүргізген едік.*

Берілген 20 сұрақтың 15-нен жауап алдық. Сонымен сауалнаманың нәтижесі мынадай:

**Бірінші сұраққа** 12 студент, *"факультеттің оқу жүйесіне көңіліміз толады"* деп, 1 студент, *"көңілім онша толмайды, өйткені кейбір мұғалімдер лекцияны қағазға қарап мәнерлеп қана оқып береді"* деп, ал 2 4 курс студенті, *"биологияны оқыту әдістері YI-семестрде өтеді, ал оқу практикасы YIII-семетрде жүреді, бір-біріне ұштаспайды"* деп жауап берген.

**Екінші сұраққа** 9 студент, *"барлық пәндердің қажеті бар"* десе, 4 студент, *"философия, дінтану, экономика, құқық негіздері пәндері ұнақмайды"* десе, 1 студент, *"математика, физика пәндерінің біз үшін қажеті шамалы"* деп жауап берген.

**Үшінші сұраққа** 8 студент *"ағылшын, информатика пәндері төрт жыл бойы оқытылса екен"* десе, 5 студент, *"алып қосарымыз жоқ, оқып жатқан пәндеріміз жеткілікті"* десе, 2 студент *"адам генетикасы және медицина пәндері қосымша оқытылса екен"* деп жауап берген.

**Төртінші сұраққа** 8 студент *"оқытушыларымыздың білім деңгейі, дәріс беру әдістері көңілімізден шығады"* деп жауап берсе, 2 студент *"оқытушыларымыздың кейбірі қазақша білмейді, көп уақытымыз оқытушының орысша оқыған лекциясын қазақшаға аударумен кетеді"* десе, 1 студент *"тарих пәні оқытушысының сабақ беру әдісі ұнамайды"* (4 курс) десе, 2 студент *"қатал, сабағын тереңінен сұрайтын оқытушыларды жақсы көремін, кейбіреулері жәй сабақ тұрмақ коллоквиумды дұрыстап өткізе алмайды"* деген, ал 1 студент сұрақты жауапсыз қалдырған.

**Бесінші сұраққа**, студенттер А.Байымбетов, Е.Бектұрғанов, Е.Берсімбаев, Ә.Ережепов, К.Дауытбаева, Ғ.Жүсіпова, Т.Масенов, А.Қуанбайұлы, Б.Төлегенова, А.Таженов, М.Х.Шығаева, В.Л.Цзю сынды оқытушылардың аты-жөндерін атап, *"дәрісті қызықты өткізумен қатар қатал талап қоятындықтары үшін ұнайды"* деп жауап берген. Айтып өтелік, 85%-і Б.Төлегенованың есімін атаған.

**Алтыншы сұраққа** 9 студент *"ұстаз болуға лайық емес оқытушылар жоқ, әрқайсысының өзіндік қасиеттері бар"* десе, 1 студент *"өз пәнін, өз тілін жөнді білмейтіндіктерімен қоса адамгершілік қасиеттері төмен оқытушылар кездеседі"* деген. 3 студент *"физика кафедрасының оқытушысы Е.Бектұрғанов студенттерге өте ауыр сөздер айтады"* десе, 3 студент Рахымбаева, Дауылбаев, Қанаев, Әмірғазин, Мамилов сынды оқытушыларды айтып өткен.

**Жетінші сұраққа,** 13 студент "осы факультетті таңдағаныма өкінбеймін" десе, 3 студент *"өкінемін"* деп жауап берген.

**Сегізінші сұраққа** 9 студент *"бізді қызықтыратын мәдени шаралар өтпейді"* десе, ал 6 студент *"сирек өтеді"* деп жауап берген.

**Тоғызыншы сұраққа** шығармашылық өнерлері бар *"талантты"* деп Үміт Алғожина, Анар Жанпейісова, Н.Қартпаева, Ғ.Сартаева, М.Мамырбекова, Б.Сабанқұлов, Мұхамсдиева сынды студенттерді атаған.

Ең соңғы **оныншы сұраққа** 14 студент, *"сіздердің газеттеріңізді оқымаймын, бір-екі санын ғана көргенмін"* деп, 4 курстың студенті *"газеттеріңізді оқып тұрамын"* деп жауап берген.

*Сауалнамаға сараптама жасаған*
***Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ.***

# "Жаңа қазақ" па,

Бүгінде газет-журнал беттерінде "жаңа қазақ" атауы жиірек көрініп жүр. "Заманына қарай адамы" деген бағытқа бейімдер бұл сөзді "неологизм" ретінде қабылдап қамал төбесіне қадаған ай секілді жалтыратуда. Ал, атау атына заты сай ма? Біз осы сөздің астарына үңілмей, жасанды тысына алданып "құбылыс" сезініп қолданып жүрген жоқпыз ба? Байларының өзі көкек өз атын шақырғанындай өздерін "жаңа қазақ" деп марапттанғандарымен, сол күндердің күнінде сол мақтауының жел сөз болып, журналистер қайда қалғанымызды білмей қалып жүрмейік.

Алдымен осы атаудың дұрыс бұрыстығына көз жеткізу үшін, - "жаңа қазақ" деген атау дұрыс па, көзқарасыңыз қалай? - деп сұрақ қойып, бірқатар кісілерді сөзге тартып едім.

Үмбетбай Уайдин, жазушы, сатирик:

- Мәселен қай мағынада айтылуында ғой. Ұлттық мінез-құлық, ұлттық қалып тұрғысынан айтылса, мәселе ұлттың бойынан көп өшіріліп кеткен ұлттық мәдениетке, ұлттық салт-дәстүр кодекстеріне барып маңдай тірейді.

"Жаңа қазақ" иман, имансыздық тұрғысынан айтылса, имандылық, имансыздық қай заманда да болған. Өйткені, қоғам бар жерде проблема бар.

"Жаңа қазақ" пиғыл, ниет тұрғысынан айтылса, бұл да иман, имандылыққа барып тіреледі.

"Жаңа қазақ" кәсіп, тұрмыс тұрғысынан айтылса, қазіргі жаңа қазақтар - екібастан, кәсіпкерлер, фермерлер, банкирлер, байлар, кедейлер...

"Жаңа қазақ" этнос тұрғысынан айтылса, қазіргі қазақтар - дала қазақтары, қала қазақтары. Таза қазақтар және тілінен де, ділінен де, ұлттық рух, намыстан да мақұрым, мәңгүрт қазақтар.

Өз қалыбына салып, уақыт ұлтты да жаңаша күйып, өз мәртебесіне салып, қорытып та шығарады. Бір сөзбен айтқанда, "жаңа қазақты" осы айтылғандардың ішінен іздеп тауып ал.

Мақсат Жанкүлиев, журналист:

- Қазір "Жаңа қазақтар" шығып жатыр дейді. "Жаңа қазақ" атауы орыстардың "новые русские" сөзінің дәлме-дәл аудармасы, немесе көшірмесі секілді. Меніңше, "жаңа қазақтардан" гөрі басқа бір атау дәл келетін сияқты. Мысалы: "жаңа байлар".

Қайырбек Шағыров, "Қазақстан мектебі" журналының бөлім меңгерушісі:

- "Жаңа қазақ" деп бизнес тілін бақайшағына дейін меңгерген, астына шетел көлігін мінген іскер қазақтарды атау орынсыз. Шын мәніндегі "жаңа қазақ" деп өз Отаны - Қазақстанына шын берілген, ұлттық мәдениет бастауынан еркін сусындап, онысын бүкіл әлемдік алдыңғы қатарлы мәдениетпен ұштастыра білетін, қай елде болсын қазақ атын асқақтататын, жаңа ғасырдың жаңа қазағын атаған дұрыс.

Арман Жусанбаев, "Сақшы - На страже" газетінің бөлім меңгерушісі:

- Меніңше, "Жаңа қазақ" - жаңа идея тудыра алатын тұлға. Мейлі ол әдебиетші, ғалым, суретші, кәсіпкер болсын, өркениеттің қозғаушысы болады. Алайда, шетелдің шырайлы көлігін мініп, қалтасына көлденең көк қағаздар басқан бейбақтарды "жаңа қазақ" дей салу қисынсыз.

Былтыр және осы жылы бұл атау тамырын жайып бара жатқанда біз оның табиғатын біле тұра, қарсы шықпадық. Тек "Жас алаштың" 1996-жылдың 3-желтоқсанындағы санында "Сауалнама" айдарында "Үш қыздың" "Жаңа қазақ деген кім?" атты сұрағына орай Ә.Тарази, Т.Теменов, М.Қабанбай пікір айтты.

Сондай-ақ, "жаңа қазақ" жалған атауын мақаласына кіргізіп, қателесіп жүрген негізінен журналшылар, зиялы қауым өкілдері болды. "Жалын" журналының 1996-жылғы №9-10 санында филология ғылымының кандидаты М.Тәжімұратовтың "Материалдар немесе төртінші жүз" атты мақаласы шықты. Сонын "Лопахиндер Алматыда жүр" деген екінші бөлімінде бизнесмендерді "жаңа буын" деп дұрыс атап келе жатып, "жаңа қазақтардың" әлде "ернінің бүлк еткені ем" деп жазып кетеді. Ал, "Заман Қазақстанның" 1996 жылғы 23-мамырдағы санында Қ.Түменбай "Ала-құла Алматы" мақаласында "...Пугачеваны Алматы төрінде тербетіп ұстау деп ұғынған "жаңа қазақтар" деп жазды. "Егемен Қазақстан" газетінің осы жылғы 17-қазандағы санында ауылшаруашылығы ғылымының докторы Қ.Әлішевтің "Ата дәстүрін аялаған ел азбайды" атты о толғауы жарияланды. Онда ол: "Осы күндері "жаңа қазақтар" деген термин пайда болды. Жатсынбағанымыз дұрыс-ау" дейді. Яғни, мұны "неологизм" ретінде тілдік қорымызға кіргізейік деген ыңғайы бар секілді. Автор "термин пайда болды" деп қуанды. Сондай-ақ, "Егемен Қазақстанның" 1997 жылғы 11-қарашадағы санында журналшы Құдияр Біләл "Жаңа қазақ" деп баттитып тақырып қойып, көлемді мақала берген. "Сөз басымен" басталып, "Сөз соңымен" аяқталатын мақала шыны керек, халыққа байшыкештерді "жаңа қазақ" деп таныстырып, оны "дәлелдеген". Дәлелдегені сол төрт бағанадан тұратын мақалада "жаңа қазақ" деген сөзден көз сүрінеді. "Жас алаштың" 1997 жылғы 6-желтоқсандағы сенбілік санындағы "Анекдот айтып, ал кел күлейікте": "Әбден байып алған бір жаңа қазақ ауылға атағы жер жарған боксер Майк Тайсонды алып барыпты" деп сыдыртады. Жалған атауды тырнақшасыз кәнігі сөздей пайдаланған. Тайсон Холлифилдтің құлағын тістесе, бұл сөз санамызды "тістелеп" кірлеткендей.

Тіпті, әңгіме сол тырнақшаның бары емес, жоғында да қолданылуында. Мәселе оның абстрактілі болса да танымға айналуында ғой. Егер ауызша айтсақ, тырнақша түсіп қалып, сөз санада беделге ие болып, сіңісті болып кетуі мүмкін. Сондықтан ісіп-кебінгендер өздерін солай атағандарымен, біз оны жариялап, насихаттағанымызды қоялық. Оларды "жаңа қазақ" емес, "жаңа буын" десек бір жөн. Жаңа буындар - жастар. Елдің, мемлекеттің болашағын, қамын ойлайтын жаңа буын - жастарымызды таным-түйсік, ой түйіндеріне сай бағалайық.

# "Жаңа буын" ба?

Дәрмен СМАЙЫЛ.

Үмбетбай Уайдин:
*"Қазіргі жаңа қазақтар - екібастан, кәсіпкерлер, фермерлер, банкирлер, байлар, кедейлер..."*

Т.Теменов:
*Егер де шетелдік машинаның бірін алып, бірін қойып, ақшаны оңды-солды шашып жүрген байшыкештерді соған жатқызып, ал ауылда жер жыртып, мал соңында қалған ағайынды "көне қазақ" десек адамшылық па?*

Ә.Тарази:
***- Жас қазақтың жинақталған образын көз алдыма елестете алмай қиналдым. Білетін-ақ тәрізді едім.***

Мақсат Жанкүлиев:
***- Меніңше, "жаңа қазақтардан" гөрі басқа бір атау дәл келетін сияқты. Мысалы: "жаңа байлар".***

Арман Жусанбаев:
***-Меніңше, "Жаңа қазақ" - жаңа идея тудыра алатын тұлға.***

Қайырбек Шағыров:
***- Шын мәніндегі "жаңа қазақ" деп... қай елде болсын қазақ атын асқақтататын, жаңа ғасырдың жаңа қазағын атаған дұрыс.***

М.Қабанбай:
***- Көкек өз атын қалай шақырса да өзі біледі, бірақ олар қай қасиетімен "жаңа қазақ", осыны түсінбеймін. Мінезі, ұлты өзгерді ме? Жоқ. Ортасы, жұтқан ауасы басқа ма? Тағы да жоқ.***

*Айтпайын десем...*

# Ғафу етіңіз..,

24 желтоқсан. 1998 жыл.

Кеш. Сағат 17[15]. Газеттің кезекті санын басуға жіберіп, баспаға келген бетім еді, телефонға шақырылдым.

- Газет не болды?
- Сәлеметсіз бе? Басуға жібердім жаңа.
- Көрсетіп алмадыңыз ба?
- Кімге?
- Маған.
- Бізде ақылдастар алқасы бар. Алқа мүшелеріне көрсеттім (Аттарын атадым).

Қанша жыл газетте істесем де, мынадай тәртіпті естіп көрмеппін. Амал қанша? Баспаханаға барып, газетті басуды тоқтаттым (Өндірісті, яғни бір цехтың жұмысын!). Дайындалған таза беттерді басу машинасынан қайта шығарып алып, қолтықтаған күйімше зыттым. Цехтағылар аң-таң. Мен де аң-таңмын.

Бұл не сонда? Жаңа тағайындалған бас редакторға сенбестік пе? Әлде бұрыннан қалыптасқан әкімшілдік-әміршілдік психологияның қайта жаңғыруы ма? Әлде, газеттің қандай міртебесі, нендей қуаты, қандай қызметі бар екенін білмеушілік пе?

Бұл оқиғаның ар жағында бір ғана адам тұрған жоқ, мұның ар жағында қоғамымызда әлі күнге жоғалмай келе жатқан адамның адамға сенбеушілігі, бюрократтық-партократтық мінез-құлық бар, ең бастысы, ең өкініштісі - Конституцияны, Заңды білместік жатыр.

Қараңыз: Қазақстан Республикасының Конституциясы.

**18-бап: "3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті".**

**20-бап: "1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар..."**

Заң осылай деп кесіп айтқан. Біз Заңға бағынатын, жүгінетін зайырлы мемлекет орнатамыз дейміз. Ендеше, сол Заңның баптарын біріміздің есімізге біріміз салып, қоғамдық кеселден арылып жатсақ, оның айып-шамы бар ма?!

Ғафу етіңіз..!

*Өз тілшіміз.*

*Көңіл толқыны*

# Досадные зарисовки из нашей реальности

Выхожу на улицу, погулять. Иду по аллее. Кто-то дергает за плечо. Оборачиваюсь и вижу: девушка среднего роста с пышными вьющимися волосами, приятной внешности, неплохо одета.

- Чем могу помочь? - Окидывая ее вопросительным взглядом, спрашиваю я.

- Время есть? - еле произносит девушка.

- Время поболтать или же вы говорите о часах?

И тут до меня буквально долетает, говоря по-простонародному перегар. Тускнеющая сигарета тлеет у нее в руках. Она небрежно машет рукой в мою сторону, как бы говоря: "Да-ну тебя". И умело положив сигарету на пухлую нижнюю губу, очередной раз затягивается. И, пошатываясь, идет дальше. Не сделав и двух шагов, она с шумом рухнула прямо на асфальт. Подбегая к ней и стараясь оказать помощь, слышу: "Нажралась как свинья. Просто, понимаешь", дело было вечером, делать было нечего". Услышав такие знакомые строчки из любимого детского стишка, чувствую себя не так весело, как в детстве.

Вернувшись домой долго думала. Неужели молодежи и впрямь нечем заняться? Эта девушка не одна, их много. Одна, две, три - по пальцам не перечислить. Становится обидно за наших девушек. Что побуждает их к этому? Что заставляет их делать такие вещи? Но, видимо, на этот вопрос, ответить никто не сможет.

И самое ужасное, что они не думают или просто не хотят думать о том, насколько вреден никотин. А еще хуже - алкоголь.

Вдруг вспомнила, как сегодня утром в транспорте услышала разговор двух девочек, лет так шестнадцати. Эти фразы, до сих пор звучат у меня в ушах: "Пью только по праздникам, а праздник каждый день". И звонко смеясь, они вышли на следующей остановке.

И так посидев дома, за чашкой чая, и думая все о том же, "наткнулась" на мысль, сделать соц. опрос по телефону.

Даже не убрав за собой, я подбежала к телефону. Трубку сняла молодая девушка, которая объяснила мне, что курит просто за компанию, и еще никотин снимает стрессы. Бросать будет. Это мне немного обрадовало. Сделав несколько звонков и получив однозначные ответы я поняла, что дольше звонить не стоит. Но от этого лучше не стало.

Я пошла на кухню, и принялась усердно мыть посуду. За работой, я и не заметила, как машинально перемыла все, что было под рукой. И тут мои глубокие думы прервал звонок, обыкновенный звонок в дверь (от которого я, кстати, сильно вздрогнула, настолько сильно я задумалась.

Я подошла к входной двери, посмотрела в глазок и увидев подругу, поспешила открыть.

Она была явно навеселе. Крепко обняв меня, она с радостью сообщила: - "Я научилась курить. Это было трудно , но интересно...".

Я почувствовала как земля уходит из под моих ног. Не в силах сдержать себя, я села здесь же, в прихожке, на коврик. Закрыла голову руками. Мысли путались. И как ни силилась, как ни старалась, не смогла собрать их в "кучу"...

*Алия КАЛДЫБЕКОВА.*

# Көкейде пікір өлмесін

## Біз - Қайрат пен Ләззаттың жалғасымыз

Бәрімізге белгілі жайды қазбалап жатсақ оның да жөні бар. Түпкі ойымның түйткасы - жастардың қоғамға қатысты пікірі мен үнінің көмескіде шаң қауып қала беретіні. Мектеп оқушысы, студент, тіпті қарапайым жұмысшы жастың да кеудесінде қилы көзқарастар бұрқ-сарқ қайнап, сан тарау сұрақтар сапырылысып жатады. Әр жастың кеудесінде көзқарас пен сұрақ майданы. Неге "майдан" дейсіздер ғой? Өйткені Қазақстанның болашағы, бүгінгі маңызды мәселеге шешім шығару тек жоғарыдағылардың құзырында... "Қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса" деген сөзді қалай болжап айткан. Сол "қазаншылар" шығарған "құлақты" іле-шала баспасөз, радио мен теледидар, зиялы қауым жабыла мақтайды, жұртты сендіреді. Дардай ғалым, білдей қаламгер айтқан пікірі жастардың көкейіндегі пікірді өлтіреді. Өлмейтін бір нәрсе бар. Ол әлгі сұрақтар сарыны. Жаңа пікір қалыптасса да көкейінді "бұл өзі неге бұлай боп қалды?" деген сұрақ тесіп тұрады. Көзді ашып жұмып 30 жылдан соң "жұмақ" орнатамыз десе, коммунизм елесіне алданып, "бармақ тістеп" қалғандар күдікпен қарайды. Мемлекет ісіндегі өзгерістер мен шешімдер жастарды қатты толғандырады. Олар сапырылысқан сұрақтарға жауап іздеп шарқ ұруда. Жауап табу өте қиын. Таба қалса, "қарсы пікір". Мұны мен өзім жас болғандықтан әрі жастар пікірін еркін естіп, біліп, көріп жүргендіктен айтып отырмын. Республикамызда көптеген студенттер клубы, жастар қозғалысы жұмыс істеп жатыр. Міне осылар арқылы жоғарыдағылар жастардың пікірін білсе, құлақ асса талай нәрсені түйсінер еді. "Асыл тастан, ақыл жастан" шығады емес пе?

Егер парламенттегі депутаттар айналасы 1 сағат ішінде үлкен мәні бар шешім шығарып, ертесінде барлық бұқаралық ақпарат құралдарында халыққа хабарлап, шығарған шешімдерін жата кеп мақтауларын қоймаса, тұншыққан пікірлер сел болып лықсып шығуы мүмкін. Өйткені бүгінгі жас - кешегі өткен Қайрат пен Ләззаттың іні-сіңлілері, алып Мағжан сенген "арыстандай айбатты, жолбарыстай қайрат-ты" жандар.

*Мәншүк ШЫМЫРБАЕВА.*

# Той үстіндегі ой-талас

- Мейрамыңмен! - деді бір жолдасым өтіп бара жатып. Жалт қарадым. "Рахмет!". Бөлмеме қарай келе жатырмын.

"Мейрамыңмен дейді",- сәлден соң үзілген ой қайта жалғасты: "Ол мейрам менің мейрамым ба екен?". Тағы үзілді. Бұл - кеше болатын.

Бүгін - 16 желтоқсан, ҚР Тәуелсіздік күні. Сәске болып қалған. Сағатқа көзім түсті: Қазір ғой жұрттың бәрі аланда сейіл құрып жүр...". "Сен неге төрт қабырғаға қамалып отырсың?" Бейшара көңіл тыныштық берер емес. Кітабымды жауып қойдым. "Ал, кел, сұранып жүрсің ғой кешеден бері. Кел!".

Ол ақырын басып жаныма отырды. Жүзінде жұмсақ күлкі, көзінде - мейірім. Мүләйім дауыспен сөйлей бастады:

- Жаным-ау, бүгін мереке екенін ұмытқаннан саумысың? Кітабың не? Достарың қайда? Мен үндеген жоқпын. - Далаға қарашы. Күннің көзі көрінбейді деме. Есесіне оңтүстіктен жылы леп соғып, кешегі сары аяздың апшысын қуыруда. Сен бұлыңғыр күнді жақсы көретін ең ғой. Әне, ақ сұр бұлттар ауыр қозғалып сендей соғылысуда. Тұршы енді! Қарашы! Бүгін - мейрам ғой!

- Мейрам?! Мен білмейтін, мен сезінбейтін қандай мейрам ол? Кешеден бері неше мәрте естідім мен осы сөзді, бірақ не мейрам екенін маған ешкім де түсіндірген жоқ.

- Қалайша? Жаным-ау, осыдан тура жеті жыл бұрын, сен Алматыға келген жылы, Тамыз оқиғасының дүмпуін өз құлағыңмен естіп, Кеңестер Одағының күйрегенін өз көзіңмен көрген жылы Сенің Республикаң өз Егемендігін жариялаған жоқ па? "Мен - қазақпын!" деп қаймықпай жар сала салатын күн туғанын естігенде сен шын жүрегіңмен қуанбап па едің? Қалайша ұмыттың?

- Ұмытқам жоқ. Бәрі де есімде. Бірақ көңілде бір түйткіл бар. Кеңестер Одағының күйрейтіні ол кезде анық болатын, бірақ оның шын мәнінде қалай жүзеге асқанын біз әлі білмейтін секілдіміз. Біз көп нәрсені білмейміз ғой, мойында өзің? Ал білетініміздің біразын "білмеймінге" саямыз. Неге? Қазақстанның Одақ ыдырап, өзге бауырлас республикалардың бәрі Егеменді ел болып кеткен соң ғана, Қызыл Тудың астында өзінің жалғыз қалғанын көрген соң ғана өз Тәуелсіздігін жариялағаны өтірік пе? Ата-бабамыз кеудесімен қорғаған Елдігімізді біз өзгелер ұстата салған соң ғана танығанымыз жалған деші?

- Не деп кеттің? Құдайым-ау, не айтып отырғаныңды білемісің сен өзі? Сен Қазақстан Республикасының Егемендігіне, Тәуелсіздігіне күмән келтіріп отырсың. Сен Мемлекеттің біртұтастығына, мызғымастығына, бейбіт өміріне ақау салғалы отырсың. Сен... Сен...

- Жә, жетер! "Мен - патриоттын!" деп көкірек керген сен секілді жымысқы жағымпаздардан-ақ қалдым жалаға! Бұдан кейін күйе алмаспын сенің отыңа. Біле білсең, сезіне білсең, бүгін - мейрам, той емес, бүгін - ұлы трагедия, ұлттық, халықтық аза тұту, жылау күні. Бүгін біз алаңға шығып, асыр салып, күліп-ойнауға емес, таңның атқанынан күннің бтқанына дейін қолымызға құран ұстап, екі қолымызды Көкке көтеріп, аза тұтуымыз керек!. Бүгін - сонау аязды күнде ашық алаңға көкірегінде намыс, жүзінде жігер ойнаған, "қазақпын" деген жастардың жиналға бастаған күні. Бүгін - үлкен қырғынның басталатын күні!

- Саған дауа жоқ екен. Жат онда, жыла, зарла, дауысыңды кім еститінін көрермін!

Мен көзімді жұмдым. Өзіңмен арпалысу қиын екен

*Гүлбиғаш ОМАРОВА.*

# Как встречали рождество наши предки



**Россия:**

В сочельник православные ничего не едят до появления на небе вечерней звезды. А в некоторых русских деревнях и по сей день семьи собираются на вечернюю молитву. После нее самый старший из мужчин выходит во двор с караваем хлеба, на котором закреплена горящая свеча. Возвращается он с охапкой сена или соломы и застилает весь пол. В других домах сеном устилают стол, а сверху накрывают скатертью. Или же пучок сена кладется в переднем углу. Детям при этом объясняют, что новорожденный Иисус Христос был положен в ясли с сеном и соломой. Поставив под иконой кутью, все садятся за стол, блюда на котором постные и их обязательно 12: сочиво, блины, рыба, калядки, взвар и другие.

**Беларусь:**

С началом святок на улицах появляются звездари. На двухметровой жерди они несут большую восьмиконечную звезду - символ Вифлеемской звезды, указавшей путь волхвам к месту рождения Спасителя. Поют псалмы, которые в народе называют божественными песнями. Под окнами то и дело звучит: "Наша звезда Нового завета, а хозяйке и хозяину - многие лета". Услышавший старается одарить звездарей блинами, пирогами, колбасами, конфетами или деньгами.

**Грузия:**

В горных селениях на Рождество грузины зажаривают поросенка на вертеле. И празднуют этот день большими компаниями, приглашая родственников и соседей. Из погребов достают лучшее вино, припасенное для особых случаев. И рог, наполненный отыгрывшим соком винограда, идет по кругу.

В городах обычно готовят шашлык, другие национальные блюда: сациви (индюк с грецкими орехами), бажи. По традиции на столах в светлый праздник Рождества Христова много сладкого.

Ближе к вечеру в дома постучатся пришедшие колядовать ребятишки. Звон-кие голоса славящие Спаси-теля, вольются в разноголосый неповторимо красивый хор. Грузинские песни будут долго плыть над древними Кавказскими горами, смешиваясь со звоном колоколов церквей, в которых проходят праздничные богослужения.

**Украина:**

Подготовка к Рождеству у украинцев начинается в день Анастасии - 4 января. Утро принято начинать с поговорки: "Скоро Настя на поместье пригласит три праздника в гости". Имеются в виду: Рождество (7 января), День Василя (14 января, Старый новый год), Водохрейща или Ердана (18 января, Крещенье).

В деревнях, как и века назад, в день Анастасии режут дрова для печей, готовят сено, солому для скота. Эту работу нельзя делать в праздничные дни.

С появлением первой вечерней звезды 6 января начинается Свят вечер, который украинцы еще величают Богатой кутьей. Ее готовят из пшеничного или ячменного зерна. В Свят вечер на столе должно быть обязательно еще 11 постных блюд.

## *Қауырсын*

Ау, жарық жұлдыз!
Тіл қатшы, жаным...
жеткізші оның сәлемін.
Сап-сары құшақ ашылды
тағы -
Сағыныш менің әлемім.
Түл жетім көңілім
Тылсым заманға сыймастан
Түнжырап барып...
Өлемін.
Қиялымды ұрлап...
Қиялап барып ай батты.
Жынды бір ойлар
жалаң семсерін жайнатты
Көз алдымда әлі:
Қоштасар сәтте қарақат
Көзінде сырлы мұңменен
бірге ой жатты.
- Қайтейін енді,
Қашанғы көкпен алысам
Самғамақ емес
бақыттан байтақ қалыс ән.
Көз салшы ана-а-ау
Жайнаған жарық жұлдызға
Барың да менмін,
Бағың да менмін,
...Танысаң.

*Нұрлан ОКАУЛЫ.*

Конкурс, Конкурс!

# Служить людям...

***Как трудно представить Вселенную без света, так же нелегко было бы без людей, которые заботятся о вас, помогают решать ваши проблемы, пекутся об общественном благе, думая лишь о том, чтобы другим было лучше.*** Хотя такие личности на фоне развивающегося индивидуализма могут показаться анахронизмом, "белыми воронами", но благодаря именно им, люди еще не потеряли способность смеяться и радоваться каждому дню, надеяться на будущее. Такие люди получают громадное удовольствие от решения проблем нуждающегося в помощи человека, проведения детских праздников, традиционных празднеств, спортивных состязаний... Именно к таким и относится Маншук Мукашева - профсоюзный лидер факультета журналистики...

У Маншук очень плотный рабочий день. У нее - одной из руководителей факультета (она - зам декана по учебной работе) ежедневной работы непочатый край. То преподаватели одни за другим идут со своими проблемами, просьбами, то студенты нескончаемой толпой - со своими вопросами. Тут еще дела женщин - Маншук член Союза женщин университета, руководитель пресцентра, а самое главное - вот уже в течение 6 лет является председателем профсоюзного комитета факультета журналистики.

- У нас на факультете 104 члена профсоюза, - рассказывает Маншук, - полный охват коллектива. Работаю в профсоюзе с 1993 года, в 1996 году переизбирали на второй срок.

У профсоюзного лидера, поставившего для себя высокую планку, дел всегда невпроворот. Работа с людьми требует особого дара, всегда надо помнить обо всем - о юбилеях, праздниках, больших и малых событиях в жизни членов коллектива, ни о ком не забыть, стараться ничего не упустить из виду. При непосредственном участии профсоюзного комитета были проведены юбилеи ветеранов коллектива: профессоров Т.К.Кожакеева, М.К.Барманкулова, старейшей сотрудницы факультета доцента Т.Дуйсебаевой, доцента А.Мархабаева, и других. А какие интересные праздники профсоюзный комитет устраивает на Наурыз, 8 марта, Новый Год!

- Маншук Тынышкалиевна прекрасно исполняет свои обязанности, - отзывается о профлидере декан факультета, профессор Н.О.Омашев, - она хороший организатор, чуткий и отзывчивый человек. Ни о ком не забывает. Организовывает среди преподавателей и студентов талоны на диепитание, материальную помощь для нуждающихся. А то, что наш факультет вот уже в течение 3-х лет завоевывает призовые - первые и вторые места на Спартакиаде среди работников КазГУ, есть прямая



заслуга Маншук Тынышкалиевны, она сама участвует в ней, является капитаном команды девушек-волейболисток.

Профсоюзный комитет факультета работает в тесной взаимосвязи с обществом ветеранов, которую возглавляет Т.Дуйсебаева и обществом "Қазақ тілі", возглавляемой Д.Баялиевой. Два раза в год перед Новым Годом и к 1 мая на факультете осуществляется благотворительная акция - сбор денег, вещей, обуви, игрушек, книг для малоимущих слоев населения Алматинской области. Также профсоюзный комитет факультета совместно с другими факультетами университета устраивает праздничные обеды для ветеранов КазГУ в честь Дня Победы и оказывает участникам Великой Отечественной войны материальную помощь.

Также в рамках университетской программы оказываается материальная помощь пострадавшим на Семипалатинском полигоне, в Аральском регионе, на Чернобыльской АЭС, а также малообеспеченным семьям, воспитывающим детей-инвалидов, матерям-одиночкам, многодетным и другим.

Профком факультета дает льготные путевки в спортивно-оздоровительный лагерь на озере Иссык-Куль, где можно отдыхать семьями. Летом 1998 года 10 детей сотрудников факультета отдыхали в летнем оздоровительном лагере "Восток-3".

Заботиться о людях Маншук научилась рано - еще в 18-летнем возрасте она стала депутатом поселкового совета, к ней шли постоянно пенсионеры, малоимущие, инвалиды - то починить крышу, то требуется другая помощь... Всем помогала Маншук и аксакалы давали ей бата - благословляли. Сбылась мечта отца Маншук - нефтяника, участника войны с белофиннами, ветерана Великой Отечественной войны. Нарекая свою среднюю и самую любимую дочь Маншук, в честь Героя Советского Союза Маншук Маметовой он верил, что она прославится на пути служения родному народу, как и ее старшая тезка...

После окончания школы, в 1981 году Маншук пять лет проработала оператором в цехе по добыче нефти и газа объединения "Эмбанефть". Нефтяник - профессия нелегкая, но очень почетная - вся тяготы и радости труда в полную меру девушка осознала, работая сама, а также освещая все грани этой профессии на страницах районной газеты "Мунайшы", будучи внештатным ее корреспондентом. Потом учеба в университете, обретение профессии... А как радовались ее коллеги из районки, когда Маншук, уже работая на факультете, в 1995 году получила одну из самых почетных премии журналистов союза Казахстана имени Т.А.Амандосова!

Многое унаследовала Маншук и от своей мамы Сулу Мендыбаевой, которая в годы войны работала в поселке шофером, освоив все трудности этой неженской профессии. Училась и до сих пор учится у матери терпеливости и неутомимости. Маншук не только прекрасный профсоюзный лидер и руководитель факультета, но она еще и разносторонний преподаватель - читает лекции по научно-познавательной журналистике, в текущем году завершила заочную аспирантуру, теперь готовится к защите кандидатской диссертации.

Маншук уважают на факультете и коллеги и студенты. Доброта всегда возвращается, потому что на таком многотрудном пути, как служение людям неизбежно возвращение Доброты и Любви. Это она уже познала на собственном опыте.

*Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА.*

*Внимание! Проблема!*

# Больное брюхо к учению глухо?



Путь к знаниям всегда был тернист. У студентов постоянно болит голова от множества проблем на этом пути. Это и сдать реферат в срок и найти нужную литературу в дебрях библиотек, в конце концов как и где подзаработать на жизнь. Но все это цветочки в сравнении с тем, когда голова болит по-настоящему. Конечно, лучше быть богатым и здоровым, чем бедным и больным. Однако болезни приходит не спрашивая. И вот тут-то и начинаются настоящие проблемы...

***Что же такое студенчество? Это прежде всего активная во всех отношениях жизнь, нарушенный режим питания, большая умственная нагрузка, постоянные стрессы ( 2 раза в год - точно) и беззаботное отношение к собственному здоровью.***

Если наши мамы и папы в свои студенческие годы страдали в основном гастритами, то сегодня мы, к сожалению, перещеголяли их в отношении туберкулеза и кожновенерических заболеваний.

Многие нынешние студенты, прекрасно владеющие языком, умеющие работать в Интернете и хорошо осведомленные о происходящих в мире событиях, не знают элементарного: характерных признаков туберкулеза, основных правил контрацепции [illegible] пере[illegible] вензаболеваний. Может быть поэтому [illegible]ивая их роста [illegible] ползет вверх. Если в 199[illegible] студенческой пол[illegible] обслуживает 17 [illegible] вузов, было [illegible]фикси[illegible] случаев туберкулеза, т[illegible]во больны[illegible] полугод[illegible] года. Но [illegible]но еще учесть, что [illegible]очно отражают истин[illegible]ожени[illegible]. Многие, не осозна[illegible]еальной опасности заразиться тубер[illegible]зом, стараются избежать флюорог[illegible], являющейся сегодня наиболее точ[illegible]тодом ранней диагностики. Страх об[illegible], нежелание сто[illegible]в бесконечной очереди, которая перед сессией разрастается до неимоверных размеров, а то и просто лень мешают студенту пройти эту двухминутную процедуру. ***А что уж говорить об абитуриентах, везущих формы 089-У с липовыми штампиками, поставленными по месту жительства за деньги или по знакомству. И неудивительно, что в будущем году у абитуриентов будут приниматься только справки, полученные в городской студполиклинике.*** И все это лишь для того, чтобы как можно раньше выявлять и лечить больных учащихся. Ведь зачастую они принимают такие признаки туберкулеза как кашель, повышение температуры, снижение аппетита и общее ухудшение самочувствия за обычную простуду и не обращаются к врачам, занимаясь самолечением. Посещая лекции, пользуясь общественным транспортом и общаясь со сверстниками они являются источниками заражения других людей, нас с вами.

***А ведь туберкулез излечим, и для студентов существует специальные льготы: они получают лечение практически бесплатно, хотя необходимые препараты весьма дороги, да и сам курс лечения достаточно продолжителен. Вуз должен предоставлять заболевшим академический отпуск и материальную помощь. Все эти меры и средства показывают, что шаг со стороны руководства сделан. Дело за студентами.***

Уверенно можно сказать, что широкое распространение и запущенность заболеваний происходят от того, что студенты инертны и невежественны, легкомысленно относятся к себе и своему здоровью. По мнению дерматолога, нынешнюю молодежь отличает низкий уровень культуры, отсутствие сознательности и принцип собственной исключите[illegible]: "Спокойно, с тобой ниче[illegible], а если и случится, то не с [illegible] соседом!" Как хорошо это и[illegible]. Но это приводит порой к то[illegible] студенты оказываются [illegible]ее в каб[illegible] зачастую [illegible]кими запу[illegible]стадиями, [illegible]оры[illegible] выл[illegible]анальн[illegible] чес[illegible] ста[illegible]. Да [illegible] ц[illegible]вание [illegible]ся [illegible] сих пор [illegible]кулезом и [illegible]ниями.

[illegible] сифилиса сегодня уже [illegible]ила оскомину. Известен он уже [illegible] век. Конечно, сейчас от сифилиса уже не проваливаются носы как в былые доантибиотиковые времена, но и вымирание ему в ближайшее время, похоже, не грозит. Так, например, на обязательном для всех обследовании крови на микрореакцию ежедневно обнаруживаются 3-5 человек с положительным результатом. Таких студентов направляют в специализированные учреждения, где обследуют более тщательно, так как положительная микрореакция еще не говорит о заболевании, а лишь о возможности. Выявленным больным гарантируется полная анонимность в лечении, поэтому бояться обследоваться из-за возможной огласки не стоит. К тому же, или человеку наплевать на свое здоровье, он все же должен подумать о других, тем более о самых близких людях, тех, с кем он находится в наиболее тесных контактах, будь-то родители, родственники, друзья или любимый человек. Ведь страшны все эти болезни прежде всего тем, что они заразны. Довольно-таки обидно болеть так называемым "почтовым сифилисом", ведя при этом "правильную" жизнь.

***Резкий скачок венерических заболеваний был зафиксирован в прошлом году. Пожалуй, тогда можно было говорить об эпидемии.*** Точных же цифр, характеризующих положение в нынешнем году, мы получить не смогли, т.к. главный врач поликлиники сослалась на закрытость данной информации. Чем, надо сказать, вызвала наше искреннее удивление: секретность в отношении конкретных фамилий - да, но - цифр? "Не надо создавать панику" - услышали мы. Но не страшнее ли будет замалчивать то, что есть на деле, как когда-то и преждевременно успокаиваться? Не лучше ли перестраховаться? К чему эта боязнь паники в нашем обществе, которое уже трудно чем-либо удивить и испугать?

А вот в отношении абортов картина не столь безрадостна. Впрочем, к этому предрасполагает многое. К примеру, студенткам здесь предоставляются различные контрацептивные препараты, подбираемые врачом индивидуально. Выбор широк: это и инъекционные препараты, и таблетки, и внутриматочные спирали, и презервативы. Все из гуманитарной помощи и все абсолютно бесплатно. Казалось бы, созданы все условия для того, чтобы число абортов сократилось. Но этого не происходит, как, впрочем, нет и их роста. Медработники из поликлиники устраивают своеобразные ликбезовские лекции в вузах по профилактике вензаболеваний и правилам контрацепции, они жалуются на несерьезные отношение к их лекциям и невнимание как со стороны руководства вуза, так и со стороны самих студентов.

***Для девчонок, попавших в беду, здесь есть свой телефон доверия. Позвонивших успокаивают, объясняют, что все еще не так безнадежно, приглашают на консультацию, есть при поликлинике и свой юрист, дающий совет каждому обратившемуся.*** Тем, кому необходимо, здесь же делают и мини-аборты. С большим сроком беременности дают направление на прерывание в городскую больницу. И все это тоже абсолютно бесплатно. Так что разговоры о том, что за все сейчас нужно платить, не совсем верны. Главное, чтобы запутавшееся девчонки не отчаивались и не теряли веру. Здесь им помогут, их поймут.

Такие вот дела творятся в самой шумной и веселой поликлинике города - студенческой, где вместе с болезнями соседствуют молодость, смех и флирт. Где можно увидеть последние веяния моды, завязать новое знакомство и просто пообщаться со сверстниками. И, видимо, еще очень не скоро настанет то время, когда эта поликлиника опустеет, а врачи займутся не лечением, а профилактикой. Студентов не перестанут беспокоить болезни, а сами они начнут-таки грызть пресловутый гранит науки (как бы только стоматологам не прибавилось работы). Ну как вам наши мечтания? Слишком? Но ведь мечты иногда сбываются...

***А.БИЛЯЛОВА,***
***А.ТЫНЫШБЕКОВА,***
***студентки 3 курса факультета журналистики.***

# 5-курсқа 5 сауал

*1. Университетке келгендегі алғашқы әсерің?*
*2. Студенттік өмір несімен қызықтырды, ұнамады?*
*3. Жан-дүниеңді түсінер дос, болашаққа жол таптың ба?*
*4. Ұстаздар қауымына айтар уәж, базынаң бар ма?*
*5. Келешекте университетте оқыту тәрбиелеу ісі қандай болса деп ойлайсың?*

## *Анар Асанғалиева:*



1. Бала кезден ойлаған арманыма қол жеткендіктен, қуанышқа бөленіп, қиялымды қияға көтерген едім. Бертін келе жүректі қорқыныш биледі. Студенттік кезең - өмір соқпағының тек алғашқы қадамы ғана екенін түсінген сайын қым-қуыт тірлік шырмауынан шыға алмай қарбаласамын.

2. Алғашқы курстарда жаңа таныс, жаңа өмір, жаңа пәндер, түрлі білім критерийлері бәрі-бәрі қызықтырған еді. Келе-келе студент болудың екінші жағымсыз жағы да бар екеніне көзім жетті. Яғни, студент статусы, оның оқытушымен қарым-қатынасы.

Кей оқытушының саған тек студент деп қарап, сенің де арман, аңсарың, мақсат-мүддең таным-талғамың бар адам екендігіңмен санаспайтын көзқарасын сезінгенде жаның түршігеді, түңілесің.

3. Бірін таптым, бірін жоғалттым. Сол үшін өзіме өкпелімін. Алайда, "Өмір мұнымен бітпейді, күніне мың өліп, мың тірілемін; пешенеме жазылғаны осы болса төземін, ойлағаныма қол жеткіземін, менің ойым әлі де ел құлағына ілінеді", - деген оптимистік көзқараспен өмір өзенінде ескексіз жүзіп келемін.

4. Екінші сұрағымда жауап берген секілдімін.

5. Осы сауал, ҚазМУ-да оқығалы беріліп келеді. Басында барынша құлшынысыммен түрлі идеялар айтқан едім. Алайда, біздің сөзіміз жерде қалып қоя берді. Сондықтан, қайталанбас үшін өзімнің әріптестерімнің ойларына қосыламын демекпін.

## *Ерлік Жылқайдаров:*



1. Бұрынғы орта мектепке бой үйренгендіктен бе, аталмыш жоғарғы оқу орнының ішінде өзімді түйіршіктей сезіндім. Уақыт өткен сайын, білім көкжиегімен бірге есейіп, одан да жоғары биіктерге шығуға бой түзеп келе жатқандаймын. Алғашқы лекция сабағында оқытушының: "- Студент - су толтыратын құмыра емес, студент жаңадан бастау тапқан бұлақ",- дегені жадымда.

2. Студенттік өмірдің дәмін тату үшін жатақханада тұру керек. Себебі, бұл жерде бәрі бір үяда жүргендей сезіледі. Ер жігіт болған соң қиындықты да, неше түрлі студенттік хикаяларды да бастан өткізесің. Өз ойымша студенттік өмір - болашаққа дайындайтын өмір мектебі.

3. Университет қабырғасына келгеннен бері сан-мың жолдастарым болды. Бірақ уақыт өте қасыңда тек санаулы ғана достар қалады екен. Дос - сенің жан дүниеңді жарыңнан артық түсінетін азамат.

4. Ұстаз дегеніміз Құдайдың бізге берген бағы. Олар болмаса мына жалған не үшін өмір сүріп келе жатқанымызды түсінбес едім. Білім ордасында жол сілтеп жүрген ұстаздарға алғысымызды білдіре отырып, біздерді болашағымызға бастау беріп, үлкен өмірге түзу жол көрсеткендері үшін бас игім келеді. Әрбір ұстаз мен үшін ашылмаған кітаптай.

5. Оқыту жүйесінде жас маманды даярлауда практикалық сабақтар көбірек болса екен. Себебі, диплом алған түлектердің ішінде жұмысқа орналасқанда қалай іске кірісуді білмейтіндер көп.

## *Айнұр Серімова:*



1. Университетке ең алғаш келгенде маған оның қабырғалары қалай биік көрінсе, ондағы білім, даналық та сонымен өлшенетіндей сезілетін. Осы оқу орнының алдында соншалықты кішкентай болсам да, білім ордасының табалдырығын аттаған сәттен бастап менің де білім теңізінде жүзуім басталып, барлық жақсылықтың нұрын бойыма жинаймын деген нық сенімде болдым.

2. Студенттік өмірді адам өмірінің ең қызықты кездері деп айтады. Мен осы сөзді толық растамасам да, шындыққа жақын деп айта аламын. Өйткені студенттік өмірдің үйретері көп. Ата-анаңнан бөлініп, жат қалада ересек өмірге аяқ басасың. Әрине, алғашқы кездері аңғал болғаныңмен, келе-келе адам танитын боласың. Түрлі-түрлі қиындықтарға кезігіп, талай жерлерде тауың шағылуы мүмкін. Бірақ мұның бәрі өзің үшін болашақта сабақ.

Ұнамаған тұстарын айта алмаймын. Өйткені ондай сәттерден гөрі студенттік өмірдің қызықты шақтары басымырақ.

3. Осы бес жыл ішінде нағыз дос таптым дей алмаймын. Нағыз дос деп кезінде айтқандарым да болды. Қазір де достарым көп. Бірақ жан дүниеңді түсінетін дос әй жоқ-ау. Тіпті кейде ондай шын дос деген болмай ма деп те ойлаймын.

Болашаққа апарар тура жол таптым деп толық айта алмаймын. Бәрі бұлыңғыр, көмескі сияқты.

4. Ұстаздар қауымына ешбір ренішім жоқ. Қайта кейбір еркеліктерімді көтергендері үшін рахмет айтқым келеді.

5. Меніңше оқыту, тәрбие жұмысын қазіргіден де жоғары деңгейге көтеру керек. Біздің мамандығымыздың негізгі іс-тәжірибе арқылы қалыптасқандықтан, соған көбірек көңіл бөлінсе деймін.

*Интернет-ақпарат*

## Осыдан 1 жыл бұрын

Ғылыми кітапхана 1998 жылы қаңтардың 25-інде дүниежүзілік Интернет торабына қосылды. Осы 1 жыл уақыт аралығында кітапхана қызметкерлерінің көмегімен 610 тұтынушы Интернетті оқу процесіне пайдалануды үйренді, 1965 адам Интернет торабымен байланысқа шыққан. Ал, электронды почта арқылы ақпарат алғандар 4519-ға жетті.

***Кітапхана ісін автоматтандыру бөлімі.***



***Если Вы заглянете в Интернет зал, то можете воспользоваться следующими услугами НБ КазГУ:***

* электронным каталогом, позволяющим осуществить эффективный поиск и скорейшее предоставление информации о литературе Научной библиотеки КазГУ с 1990 года;
* электронным каталогом трудов профессорско-преподавательского состава, диссертаций защищенных в КазГУ;
* полнотекстовой картотекой "История Казахстана";
* Сканированием материалов;
* базой данных компании ЮрИНфо по законодательству Республики Казахстан, текстов законов, указов, постановлений; просмотром, распечаткой и архивированием на дискеты;
* Просмотром и чтением CD-ROM (Энциклопедия этикета, Как делать рекламу, Большая энциклопедия Кирилла и Мефодия и др.);
* электронной почтой для отсылки и получения сообщений, личной переписки;
* сервисом Интернет для доступа к мировым информационным ресурсам;
* WWW - страницей КазГУ, размещений на http://www.kazsu.uni.sci.kz
* платными услугами: набором документов редакторами Microsoft Word, WordPad, Paint, Excel, распечаткой с дискет, ксероксом.

***Научная библиотека КазГУ Отдел автоматизации.***

***Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби объявляет конкурс на замещение должностей профессорско-преподавательского состава, а также информирует о вакантных должностях заведующих кафедрами для занятия их по контракту.***

**Заведующие кафедрами:** цитологии и гистологии; политологии; русской и зарубежной литературы; безопасности жизнедеятельности; гидрологии суши; высокомолекулярных с соедирнений; технической химии и катализа; международного права; теоретической физики; казахской литературы; казахского языка (I Ф); социологии;

**ИЭиП:** международных экономических отношений; уголовного права и криминологии (доктор юридических наук);

**Профессора кафедр:** геометрии, алгебры и математической логики; функционального анализа и теории вероятностей; катализа и теххимии - 0,5; химической энзимологии и коллоидной химии; органической химии и химии природных соединений; теплофизики и молекулярной физики; истории и критикц казахсой литературы. казахской литературы; философии и методологии социального познания; физической географии; источниковедения и историографии;

ИЭиП: теории и истории государства и права; международных экономических отношений; экономической теории;

**Доценты кафедр:** экологии и почвоведения; генетики и молекулярной биологии; микробиологии; гистологии и цитологии; физиологии и биохимии растений; зоологии и ихтиологии; ботаники-2; туризма; экономической и социальной географии; гидрологии суши; геоморфологии; источниковедения и историографии; новой истории Казахстана; высшей математики и методики обучения; дифференциальных уравнений; функционального анализа и теории вероятностей; вычислительной и прикладной математики - 0,5; физхимии и электрохимии; общей химии и химической экологии - 2; катализа и технической химии - 0,5; коллоидной химии и химической энзимологии -0,5; аналитической химии и химии редких элементов; физики космоса и радиационной физики -2; русской и зарубежной литературы-2; казахской литературы; теории художественного перевода и литературного творчества; русского языка; философии и методологии социального познания; социологии; истории казахской и зарубежной философии; арабской филологии; международной журналистики; историии журналистики; радиожурналистики; журмастерства и литературного редактирования;

**ИЭиП:** менеджмента; экономической теории-5; инвестиционного и финансового права-2; уголовного права и криминологии; природоресурсового и экологического права;

**Старшие преподаватели кафедр:** иностранных языков (ЕФ)-3; физвоспитания и спорта-3; педагогики; экологии и почвоведения; гистологии и цитологии; биофизики МПБ; ботаники; генетики и молекулярной биологии; метеоролологии; стран дальнего Востока - 0,5; радиожурналистики-2; периодической ечати; иностранных языков факультета МО -2,5; международного права; физхимии и электрохимии; физики твердого тела; казахской литературы -2; русского языка; общего языкознания; казахского языка (ЕФ); истории казахской и зарубежной философии; политологии; психологии; философии и методологии социального познания; арабской филологии -4; источниковедения и историографии; высшей математики и методики обучения; дифференциальных уравнений и математической физики;

**ИЭиП:** теории и истории государства и права; менеджмента -2; экономической теории; иностранных языков;

**Ассистенты кафедр:** иностранных языков (ЕФ); безопасности жизнедеятельности; I-ая гум. кафедра иностранных языков -2; зоологии и ихтиологии; иностранных языков факультета МО; экономической и социальной географии; казахского языка (ЕФ); истории и критики казахской литературы; казахского языка (ЕФ) - 4 ед.; русского языка; истории стран Азии и Африки - 0,75; стран дальнего Востока; истории древнего мира и средних веков -2; новой истории Казахстана; международных отношений и внешней политики РК;

**ИЭиП:** менеджмента.

***Срок подачи документов - I месяц со дня публикации.***

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242-куәлік берілген.

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**
480078, Алматы қаласы,
әл-Фараби даңғылы, 71
ректорат
10-қабат, 1008-бөлме
Тел.:47-82-50, 47-19-24.

Бас редактор - ***Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;***
Нөмірдің кезекші редакторы - ***Гүлжан ЕСКЕНДІР;***
компьютерде терген және көркемдеген - ***Айтгүл БАБАСОВА;***
Фототілші - ***Арман СӘРСЕНБИЕВ;***

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
***К.Н.НӘРІБАЕВ,*** ректор
***Ф.Б.БАЙЫМБЕТОВ,*** *ғылыми жұмыс жөніндегі проректор;*
***Л.АХМЕТОВА,*** *кәсіподақ ұйымының төрайымы;*
***Ж.ДӘДЕБАЕВ,*** *филология факультетінің деканы;*
***Н.ОМАШҰЛЫ,*** *журналистика факультетінің деканы.*

*Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.*

Нөмір ҚазМУ-дің "Қазақ университеті" баспасында теріліп, 25.01.99 ж. басылып шықты. Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 500 дана.
№ 542 тапсырыс.